

**Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Болгария Республикасы Үкіметінің арасындағы денсаулық сақтау және медицина ғылымы саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 ақпандағы N 206 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2003 жылғы 25 қыркүйекте Астана қаласында жасалған Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Болгария Республикасы Үкіметінің арасындағы денсаулық сақтау және медицина ғылымы саласындағы ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

**Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Болгария Республикасы Үкіметінің арасындағы денсаулық сақтау және медицина ғылымы саласындағы ынтымақтастық туралы келісім**

Бұдан әрі Уағдаласушы тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Болгария Республикасының Үкіметі денсаулық сақтау және медицина ғылымы саласында мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты дамытуға ниеттерін басшылыққа ала отырып, төмендегілер туралы келісті:

**1-Бап**

Уағдаласушы тараптар екі жақтың мүдделері мен өзара ықылас негізінде және екі мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес денсаулық сақтау және медицина ғылымы саласындағы ынтымақтастықты дамытуға жәрдемдесетін болады.

**2-Бап**

Уағдаласушы тараптар басымдық берілген мынадай салалардағы ынтымақтастықты дамытады:

1. бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсету;
2. мамандандырылған медициналық көмек көрсету;
3. ана мен бала денсаулығын сақтау;
4. санитарлық-эпидемиологиялық бақылау саласындағы ынтымақтастық;
5. тамақ өнімдерінің гигиенасы және тамақ өнімдерін санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды ұйымдастыру;
6. қоршаған орта және денсаулық;
7. дәрі саясаты;
8. медицина ғылымы;
9. денсаулық сақтауды қаржыландыру.

Санамаланған салалардан басқа, Уағдаласушы тараптар және ынтымақтастықтың басқа да салаларын қосымша талқылауы мүмкін.

### **3-Бап**

Уағдаласушы тараптар бір-бірімен:

1. ғылыми-педагогикалық кадрлар, медицина мамандарын алмасу;
2. тараптар үшін басым проблемалар бойынша тәжірибе және өзекті ақпарат алмасу ;
3. ұлттық ғылыми-медициналық іс-шараларға ғалымдардың қатысуы;
4. бірлескен ғылыми және практикалық жобалармен жұмыс істеу жолымен ынтымақтастық жасайды.

### **4-Бап**

Уағдаласушы тараптар жұқпалы және паразиттік аурулардың алдын алу әрі мемлекеттік санитарлық бақылау саласында екі мемлекеттің құзыретті органдарының арасындағы ынтымақтастықты дамытуға жәрдемдесетін болады.

Қажет болған жағдайда, олар өз мемлекеттерінде қалыптасқан эпидемиологиялық ахуалдың өршуі, сондай-ақ басқа да аса қауіпті жұқпалы аурулардың пайда болуы туралы бір-бірін өзара хабардар ететін болады.

### **5-Бап**

Уағдаласушы тараптар медицина ғылымы саласында ақпарат және тәжірибе алмасу мақсатында екі мемлекет медицина ғылымы және білім беру ұйымдары мен емдеу-алдын алу ұйымдарының арасындағы тікелей ынтымақтастықты дамытуға жәрдемдесетін болады.

### **6-Бап**

Уағдаласушы тараптар өз елдерінде халықаралық ғылыми- медициналық іс-шараларды өткізу туралы бір-бірін хабардар ететін болады және мүдделі мамандарды тартуда жәрдемдесетін болады.

### **7-Бап**

Мамандар мен сарапшыларды өзара алмасу жіберетін және қабылдайтын ұйымдардың құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі, сондай-ақ көрсетілген шараларды қаржыландыру тәртібі белгіленетін екі мемлекеттің мүдделі ұйымдары арасындағы шарттарға сәйкес жүзеге асырылатын болады.

### **8-Бап**

Уағдаласушы тараптар осы Келісімнің орындалуымен байланысты қызметті үйлестіру үшін екі мемлекеттің құзыретті органдары ретінде мыналарды белгілейді:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі;

Болгария Республикасы Үкіметінің атынан - Болгария Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі .

Уағдаласушы тараптар екі мемлекет құзыретті органдарының ресми атаулары

немесе функциялары өзгерген жағдайда, дипломатиялық арналар бойынша бұл туралы бір-бірін дереу хабардар етеді.

### **9-Бап**

Осы Келісім бес жылға жасалады және Уағдаласушы тараптардың оны күшіне енгізу үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күнінен бастап күшіне енеді.

Егер Уағдаласушы тараптардың бірі басқа уағдаласушы тарапқа дипломатиялық арналар бойынша оның қолданылу мерзімі өткенге дейін алты айдан кешіктірмей осы Келісімнің күшін жоюға өз ниеті туралы хабарламаса, Келісімді қолдану келесі бесжылдық мерзімге өздігінен ұзартылады.

### **10-Бап**

Осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу Уағдаласушы тараптардың өзара келісімі бойынша жүзеге асырылады және осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жекелеген хаттамалармен ресімделеді.

### **11-Бап**

Осы Келісім күшіне енгеннен бастап Уағдаласушы тараптардың арасындағы қатынастарда 1982 жылғы 3 қарашадағы Советтік Социалистік Республикалар Одағы Үкіметі мен Болгария Халық Республикасының Үкіметі арасындағы "Денсаулық сақтау және медицина ғылымы саласындағы ынтымақтастық туралы" келісімнің қолданылуы т о қ т а т ы л а д ы .

2003 жылғы 25 қыркүйекте Астана қаласында әрқайсысы қазақ, орыс және болгар тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалған, бұл ретте барлық мәтіннің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін тусіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Уағдаласушы тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінеді.

*Қазақстан Республикасының                      Болгария Республикасының*  
*Үкіметі үшін                      Үкіметі үшін*